



## БҰЙРЫҚ

25.06.2021

Ақтау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 300

город Ақтау

### **Банкроттықты басқарушыны шеттету туралы**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес,

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 16.05.2019 ж. №180 бұйрығымен банкроттықты басқарушы болып тағайындалған Құбығұл Орынбасар Данабайұлы оған жүктелген "Азимут Групп" ЖШС-нің банкроттықты басқарушы қызметінен шеттетілсін.

2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 71 бабы 2 тармағының 14 тармақшасына сәйкес жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушысына шеттету (босату) туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Азимут Групп" ЖШС-нің құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, борышкерге тиесілі мөрлерді, мөртаңбаларды, материалдық және өзге де құндылықтарды беру О.Д. Құбығұлға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы Б.Е. Құлмұрзаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың бір данасы О.Д. Құбығұлға жолдансын.

Негіздеме: 2021 жылғы 18 маусымдағы "Азимут Групп" ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімі.

Басшы



Жаналинов Д.Е.